

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы № 2(82), 2020

ISSN 2306-5079  
Индекс 75138



**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК  
КАЗАХСКОГО НАЦИОНАЛЬНОГО  
ЖЕНСКОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО  
УНИВЕРСИТЕТА**

**BULLETIN  
OF KAZAKH NATIONAL WOMEN'S  
TEACHER TRAINING UNIVERSITY**

**№2 (82) 2020**

Алматы 2020  
«Қыздар университеті»

МАЗМУНЫ СОДЕРЖАНИЕ

1-бөлім. Жаратылыстану / Раздел 1. Естествознание

<b>А.М. Сейтметова, Г.О. Бориева, Н.Н. Салыбекова</b> Асер I. туысы түрлерінің биологиялық ерекшеліктерін зерттеу нәтижелерін оқу үдерісінде қолдану	7
<b>Г.Р. Унгарбаева</b> Білім алушылардың зерттеушілік құзыреттілігін биологиядан лабораториялық практикумдарда қалыптастыру технологиялары	15
<b>А.Ж. Мурзалинова, А.Г. Мешанова, Н.Т. Уалиева</b> Персонализированное обучение на основе учета типа восприятия обучающимися учебных ресурсов	25
<b>Д.Қ. Қанжігітова, Р.Г. Рысқалиева</b> Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз ететін модульдік оқыту технологиясы	35
<b>Т.М. Секерова, М.Г. Нурмаханбетова, М.О. Айтжанова</b> Фитопатология пәнінде бидай қоңыр тат ауруын ( <i>Puccinia recondita</i> ) зертхана жағдайында оқыту	44

2-бөлім / Раздел 2. Физика, математика, информатика

<b>Б.Р. Қасқатаева, А.Б. Әубәкір</b> Оқытудың ақпараттық технологияларын мектепте пайдаланудың дидактикалық принциптері	53
<b>И.Б. Шмигирилова, З.С. Какенова</b> Познавательные стратегии школьников и их формирование в обучении математике	62

3-бөлім / Раздел 3. Филология

<b>Ж.К. Сүйінжанова</b> Жеке атау ретінде қалыптасқан күрделі сөздер табиғаты	74
<b>Қ.Б. Алпысбаева</b> Эпикалық жырлардағы түс және оны жору көріністері	82
<b>Г.Р. Сәулембек</b> Толғау жанрының өзгеріске ұшырауы және әлеуметтік қызметі	89
<b>А.М. Zhalalova, А.Т. Battalova</b> On communicative language teaching methods	99
<b>I.N. Matassova</b> Some aspects of teaching informative translation at the university	106
<b>М.Е. Курманова, Л.Е. Дальбергена</b> Особенности выражения модальности в немецком и казахском языках	113
<b>Б. Зиядаұлы, Р.Б. Джелдыбаева</b> Қытай тілін үйренуші қазақ тілді студенттердің қытайша сөйлеу тіліндегі фонетика және грамматикалық қиындықтарына талдау	122
<b>Р.К. Садықова, Н.Т. Әтейбекова</b> Парсы тіліндегі түркі кірме сөздері	132

4-бөлім. Тарих, экономика, құқық / Раздел 4. История, экономика, право

<b>А.М. Сманова</b> Қазақстан мен Орта азияда поляк армиясын жасақтау жұмыстарының кейбір мәселелері	141
---	-----

ҒТАХР 16.41.21

## ПАРСЫ ТІЛІНДЕГІ ТҮРКІ КІРМЕ СӨЗДЕРІ

Р.К. Садықова<sup>1</sup>, Н.Т. Әтейбекова<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан,

<sup>2</sup> Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы,

[rsadykova516@gmail.com](mailto:rsadykova516@gmail.com), [nurzyaa-78@mail.ru](mailto:nurzyaa-78@mail.ru)

Кірме сөздер – бір тілден екінші тілге сөздердің енуі нәтижесінде қалыптасқан сөздер және тілдің сөздік құрамын байытушы негіздердің бірі. Бір тілден екінші тілге сөздердің енуі, тарихи жағдайға және экономикалық, сауда, мәдени қатынастарға және т.б. байланысты. Парсы тілінде кірме сөздер өте көп, себебі парсы тілі сан алуан өзгерістерге ұшырап, басқа тілдерден енген сөздермен лексикалық сөздік қоры байып, толығып отырды. Мысалы: араб, түрік, орыс, француз және ағылшын тілдерінен өте көп енген. Әр тілдің өзіндік тарихи жолдары бар. Қазіргі кезде Иран елі басқа тілден енген кірме сөздерінің орнына парсы тіліндегі баламасын тауып, енгізіп жатыр. Бұл мақалада иран мен түркі халықтарының арасындағы ұзақ тарихи жылдар барысында тюркизмдердің парсы тіліне ену жолдары жайында баяндалады. Мақаланы жазу барысында дереккөздерді жинау, жүйелеу, талдау, қорыту және салыстыру әдістері, тарихи-салыстырмалы, салғастыру тәсілі қолданылды.

*Түйін сөздер:* парсы тілі, түрік тілі, кірме сөздер, аффикс, лексика, тарихи байланыс.

Кез-келген тілдің сөздік құрамына қоғам өміріндегі болған өзгерістер, атап айтқанда әрдайым көрсетіліп жүрген саяси және экономикалық қайта құрулар, мәдениет, ғылым мен техника, өнердің көп ғасырлық тарихы бойындағы дамуы өз әсерін тигізбей қоймайтыны баршамызға мәлім. Яғни, тілдің сөздік құрамы бір ғана өзінің ішкі мүмкіншіліктері арқылы толығып кемелденбейтіні барімізге де аян. Өзінде жоқ сөздерді өзге тілдерден алу арқылы да тіл өзінің сөздік құрамын байытып, дамытып отыратынын баршамыз білеміз. Қандай да болмасын халықтың даму тарихына көз жіберсек, өзге халықтармен саяси, экономикалық, сауда-саттық, мәдени және ғылыми жағынан үнемі тығыз байланыста болғандығын көреміз. Мұндай жан-жақты қарым-қатынастың нәтижесі, әрине тілдің сөз құрамынан айқын байқалады. Біздің сөз етейін деп отырған мәселемізде парсы тілінің тілдік құрамындағы толықтырулар мен түрік тілінен енген сөздер төңірегінде болмақ.

Иран халқы басынан кешкен ұзақ даму тарихында бірқатар елдермен араласып, әр түрлі кезеңде түрлі қарым-қатынастар жасаған. Сол елдердің бірі – Түркия елі. Осылай ерте кезден ирандықтар түркі тілдес халықтармен тығыз байланыста болды. Тарихи-археологиялық, көркем әдебиеттерде кездесетін түркі тілдерінің сөздері де біршам кездеседі. Сондай-ақ түркі-монғол сөздері де парсы тіліне әсер етпей қойған жоқ. Бұл тілдер қазіргі парсы сөздік қорында араб пен еуропа тілдерінен кейін үшінші орынды иеленді. Ирандық әдіскер ғалым Ахмад Саффар Мокаддам парсы тілінде басқа тілдердегідей көптеген тілдерден кірме сөздер енген, соның ішінде араб, еуропа, түркі, монғол, қытай тілдерінің сөздері бар екендігіне тоқталған. Мысалы: түркі тілінен [otaq], [boshqab], [qashoq], монғол тілінен [ago], [xanum], [miz], қытай тілінен [shai], [sini] және т.б. тілдерден енген кірме сөздерге тоқталып өтеді [1;185].

Жер шарында өмір сүріп келе жатқан үлкенді-кішілі халықтардың қай-қайсысында болсын өзге тілдерден ауысып келген кірме сөздер көптеп кездеседі. Ұсақ халықтарды айтпағанда, мәдениеті дамыған, гүлденіп өскен, тарихы тереңде жатқан елдердің өзінде кірме сөздер айтарлықтай кездеседі. Сондай елдердің бірі Иран елінің сөздік қорларынан кірме сөздерді кездестіруге болады. Иә, тек біз сөз етіп отырған түрік және парсы тілдердің ғана емес, қай тілдің болса да, сөздік құрамы өзінің даму барысында басқа тілдерден енген сөздермен толысып отырады. Бір тілден екінші тілге сөздердің енуі, тарихи жағдайға және экономикалық, сауда, мәдени қатынастарға және т.б. байланысты болғаны туралы осы уақытқа дейін айтылып келді, әрі де айтылууда. Тілдегі сөздер әрбір халықтың рухани және материалдық мәдениетінің, тарихының, бүкіл

бітім болмысының жарқын айнасы. Тілде халықтың салт-санасы мен әдет-ғұрпының, менталитеті және т.б. белгілері болары сөзсіз.

Парсы тіліне араб тілінен кейін әсер еткен негізгі тіл – түрік тілі болып табылады. Түрік және парсы тілдерінің өкілдері Жібек жолы арқылы сауда жасауда жақсы қарым-қатынаста болған. Екі ел арасындағы алғашқы қарым-қатынас Сасанидтер дәуірі патша Хосроу Аниширван мен алғашқы Түрік қағанаты кезінде дипломатиялық және әскери тұрғыда болған. Ал, Саманидтер дәуірінде (IX- X ғғ.) түрік әскерлері Иран жеріне көптеп кіргізіле бастады. Сондай-ақ, шығыс түрік тілінде сөйлейтін қашқар тайпасы Иран жеріне орналасып, парсы тіліне өз әсерлерін тигізген. Иранда басқа да түрік тілдес халықтар тұратын аралдар бар. Ал, батыс түрік тілінде немесе оғыз диалектінде сөйлейтін Түрікмен тайпасы Горган жерінде парсы тілінде сөйлейтін халықтармен бірге өмір сүрген. Ғазнавидтер мен Селжұқтардың ел билеген тұсында парсы-дари тіліне көптеген түрік сөздері енді.

Оңтүстік Кавказдың Шығыс Еуропа мен Оңтүстік-Батыс Азия шекарасында орналасуы, осылайша әлемнің екі бөлігінің байланысы, шалғай аймақтар арасындағы саудаға мүмкіндік беретін құрылық, теңіз және өзен жолдарының болуы (Солтүстік Жібек жолы, Былғары жолы) Кавказдың саяси және географиялық маңызға ие екенін көрсетеді. Халықтардың тұрақты қозғалысына байланысты Кавказ тұрақты көші-қон үдерісінің өрісі, сонымен қатар тілдер мен мәдениеттердің өзара әрекеттесуі нәтижесінде болды. Әсіресе Селжуктердің (Оғыз-Түрікмендер) Шығыс Анадолы мен Оңтүстік Кавказға шабуылдары жиі болды [2; 275]. Осы тұста да тілдік алмасулар орын алды.

Ал Шыңғысхан Иранға шабуыл жасаған тұсында, яғни 1249-1528 жылдарында парсы-дари тіліне көптеген моңғол сөздері енген болатын, бұның өзі Сефевидтер мемлекетінің құрылуымен тұспа-тұс келеді.

XVI ғасырда Сефевидтер Иранны жаулап алды да түрік тілін әскери әрі ресми тіл ретінде жариялаған. Түрік тілі осы тұста және де Афшаридтер мен Каджарлар дәуірі кезінде де кең қолданылған [3;6]. Бұл, әрине парсы тіліне түрік сөздерінің етене еніп қолдануына осындай тарихи жағдайлар себепші болып, өз әсерлерін тигізді деуге әбден болады.

Неміс ғалымы Г.Дёрфер ғылыми еңбегінде парсы тіліне түрік тілі сөздерінің енуін үш кезеңге бөліп қарастырады:

1-кезең: Оңтүстік және шығыс түрік элементтерін қамтитын ежелгі түрік сөздері;

2-кезең: Оңтүстік және шығыс түрік, моңғол элементтерін қамтитын орта түрік және моңғол сөздері;

3-кезең: Таза оңтүстік түрік элементтерін қамтитын жаңа түрік сөздері.

«Егер Ғазнавидтер билігін Ирандағы түрік үстемдігінің бастауы деп қарастыратын болсақ, түрік сөздері алғаш рет парсы тіліне осы кезеңде берілген Абу-ль-Фадль Мухаммад ибн Хусейн аль-Байхаки еңбегі арқылы енген», -деп көрсетеді ғалымдар. Алайда кейбір зерттеушілер бұл пікірді дұрыс деп санамайды. Олардың пікірінше алғаш рет парсы тіліне түрік сөздері Селжұқтардың ел билеген тұсында ене бастаған. Сондай-ақ, басқа зерттеушілер парсы тілінде түрік сөздері Селжұқтарға дейін кездескенін айтады. Бұдан шығатын қорытынды, парсы тіліне түрік сөздері түрлі кезеңдерде ене бастаған.

Парсы поэзиясы әлемдегі ең әдемі поэзияның бірі болып саналатындығы жазушылар арасында әрі әдебиетке қызығушылық танытушылар арасында белгілі. Түрік тілінен енген сөздер парсы поэзиясы мен көне мәтіндерінен орын алды. Әлемге әйгілі Фердаусидің «Шахнаме» шығармасынан (tagin «батыр, қаһарман», buq «айқай» секілді т.б.) түрік сөздерін және түрік антропонимдерін кездестіруге болады. Сондай-ақ бізге жеткен көне Асади Тусидің «Луғат-е фарси» сөздігінде біраз тұрмысқа қатысты, yarandaq, sarog, qalra және т.б. секілді түрік сөздері көрсетілген. Ал, парсы тілді оқырмандарға 3 томдық көркем мұра қалдырған Иранның қазіргі заманғы атақты ақыны Шахрияр еңбектерінде түрік тілінен енген көне әрі тарихи сөздермен қатар 150-ден астам ортақ сөздер мен тіркестер бар екендігін Гулиев Эльман Исмаил оглы «Общепотребительные тюркизмы в персидском творчестве М. Шахрияра» атты мақаласында көрсеткен [4].

Парсы және түрік тілдерінің жақындасуының синтаксистік құбылыстары өте таңқаларлық, себебі бұл тілдердің құрылымы әр түрлі. Алайда ұқсастықтарды да байқауға болады. Жоғарыда атап көрсетілген дәуірлерде түрік сөздері парсы тіліне өз әсерін тигізіп, парсы тілі лексикасының дамуына өз әсерін тигізгенін көруге болады. Кірме сөздердің көбісі экономика, мәдениет, сауда,

тұрмысқа қатысты сөздер болып табылады. Әскери лексикаға байланысты түрік тілінен парсы тіліне енген әрі жиі қолданылатын кірме сөздерге: *tup* «зеңбірек», *tofang* «қару», *kasik* «кезекшілік» секілді сөздерді атап айтуға болады.

Ал, «*tuman*» түрік сөзі алғашқы кезде «он мың» деген мағынада қолданылған, кейін бұл сөз иранның ақшасы-«туман» деген мағынасына ауысып осы уақытқа дейін қолданылып келеді. Қазіргі таңда «*boluk*» түркі сөзі Иранның кей аумақтарында «аудан» деген мағынада қолданылады, бұрынғы кезде бұл сөз «әскери қатар» деген мағынада қолданылған. Бастапқыда «*azuqe*» деген сөз «әскери азық» деген мағынада қолданылса, қазір парсы тілінде бұл сөз «азық, тамақ» мағынасында кең қолданылады.

Түрік тілінен енген әскери сөздер Реза патшаның бұйрығынан кейін парсы сөздеріне алмастырылды. Мысалы, *saqlow* «гарнизон» сөзінің орнына қазір *padegan* парсы сөзі, *qosun* «армия» сөзі *artesh* сөзіне, *qaravul* «қарауыл» сөзінің орнына *negahban* сөзі қолданылды.

Тұрмысқа қатысты түрік сөздері де парсы тілінде кең қолданылды. Мысалға, *qasoq* «қасық», *basqob* «тәрелке», *alاک* «елек», *dogme* «түйме», *otaq* «бөлме», *tosaq* «төсек», *qeci* «қайшы», *otu* «үтік» сөздерін айтуға болады. Ал, сауда-сатық саласына, ауыл шаруашылыққа байланысты *tutup* «темекі», *gomroq* «кеден», *qeslaq* «қыстау», *yaulaq* «жайлау», *batlaq* «батпақ», *alaciq* «шатыр», *saqqez* «сағыз» сөздерін айтуға болады.

Аң, құс және өсімдік атауларын да кездестіруге болады, мысалы: *ordaқ* «үйрек», *qaz* «қаз», *olaқ* «есек», *qas* «сұңқар», *qarc* «саңырауқұлақ», *qeyci* «шабдалы түрі», *qaraqus* «тұйғын», *qater* «қашыр» [4]. Кейбір түрік сөздері парсы тіліне етене еніп, кеңінен қолданылады. Бұндай сөздерге *souqat* «сыйлық», *saқ* «толық», *sabok* «айлакер», *qati* «аралас», *kucek* «кішкентай» т.б. секілді сөздерді жатқызуға болады.

Парсы тілінде өз кезінде кеңінен қолданылған, алайда қазіргі таңда архаизмге айналған түрік сөздері де бар. Мысалы: *karuci* «есік күзетшісі», *dolmac* «аудармашы», *ilci* «елші», *dustaқ* «түрме» сөздерін айтуға болады. Дегенмен парсы тіліне түрік тілі сөздерімен қатар кейбір сөз тудырушы аффикстер де енген. Сондай аффикстерге қысқаша тоқтала кетсек:

«-сі» түрік суффиксін парсы тілінде жиі кездестіруге болады. Мысал ретінде *sekarci* «аңшы», *ma'danci* «кенші», *doroskeci* «арбакеш», *jarci* «жаршы, хабаршы», *ruznameci* «газетші», *masvaratci* «ақылшы, кеңесші», *sinimaci* «киношы», *postci* «пошташы» және т.б. сөздерін келтіруге болады.

«-tas» түрік суффиксі парсы тілінде аз қолданылады. Көптеген бұл суффикс арқылы жасалған сөздер архаизм болып табылады. Мысалы: *xeultas* «әріптес», *xajetas* «мырза», *sahrtas* «жерлес» секілді сөздерді айтуға болады, алайда бұл сөздер жоғарыда айтылғандай қазіргі таңда парсы тілінде қолданылмайды.

«-ulu» суффиксі парсы тілінде кішірейтіп көрсету мағынасында қолданылады. Мысалы: *zangule* «кішкене қоңырау», *kuculu* «кішкентай», *quzulu* «кішкене бүкір».

«-me» суффиксі арқылы *surme* «сүрме», *chakme* «етік», *dolme* «долма» сөздерін мысал ретінде келтіруге болады.

«-basi» түрік сөзі парсы тілінде сөз жасаушы ретінде қолданылады. Мысалы: *yuзbasi* «жүзбасы», *baқbanbasi* «аға бақшашы», *tajerbasi* «көпес басшысы» [5;38].

Н.И.Толстой айтып кеткендей, тіл мен этникалық топтың тағдыры әрқашан тығыз байланысты болды. Парсы тіліндегі кірме сөздер, соның ішінде түрік сөздерінің санын нақты айту өте қиын. Себебі, тіпті сол тілдің өзінің лексикасындағы сөздерді анықтау қиын. Сол тілдің сөзі екендігін не кірме сөз екендігін тек нақты дәлелдер келтіріп, арнайы құжаттар мен сөздіктерге сүйене нақты айта аласың. Белгілі бір тілден енген және түпнұсқа сөздердің санын лексикографиялық жолмен есептеу оңай. Қазіргі парсы тіліндегі толық сөздіктердің бірі саналатын Әли-Ақбер Нафисидің сөздігінде 158431 лексема жазылған, олардың 99522-і араб тілінен енген сөздер болып табылады. Сонымен қатар, бұл лексема арасында түркі тілдес және еуропалық тілдерден енген сөздер де бар. Бір тілден екінші тілден енген сөздерді анықтауда әдеби шығармалардың маңызы зор. Сондай шығармалардың бір атақты Фирдаусидің «Шахнама» туындысы. Шахнамада шетелдік кірме сөздер өте аз қолданылған.

Иран Ислам Республикасында 1935-1941 жылдары парсы тіліндегі кірме сөздерінің үлесін қысқартуға бағытталған пуристикалық үрдістерді жарияламағанда парсы тілінде кірме сөздер, соның ішінде түркі тілінен енген сөздер саны көп болуы ықтимал еді. Аталмыш мақала М. Моинның

6 томдық сөздігін негізге ала жазылған. Сөздікке жасалған талдау негізінде парсы тілінде кездесетін 500-ге жуық түрік сөздері теріліп алынды. Ал, осы мақала соңында аталмыш сөздікке сүйене парсы тілінде кездесетін түрік сөздерінің қысқаша тізімін ұсынып отырмыз. Айта кетейік, беріліп отырған сөздер парсы тілінде өте жиі қолданылатын түркі сөздері болып табылады. Ал, парсы тілінен енген түркі сөздері М.Моин сөздігі бойынша анықтағанымыздай 500-ден асады [6]. Төменде аталмыш сөздер беріледі.

Кесте-1–М.Моин сөздігіндегі парсы тіліндегі кейбір түркі сөздерінің берілуі:

№	Қазақша аудармасы	Транскрипция	Парсыша аудармасы
1.	азық	азуқе	ازوقه
2.	ақ	ақ	اق
3.	ақсақал	ақ сәқәл	اق سقل
4.	алтын	алтун	التون
5.	әке	ата	اتا
6.	бөлме	отағ	اتاق
7.	лагерь	урду	اردو
8.	үйрек	ордак	اردک
9.	арыстан, батыр	арслан	ارسلان
10.	сыйлық	әрмәған	ارمغان
11.	есек	ешәк	اشک
12.	есек	олағ	الاغ
13.	елші	илчи	ایلچی
14.	әпке	баджи	باجی
15.	басып шығару	басма/э	باسمه
16.	баспашы	басмэчи	باسمه چی
17.	кебісші	башмағчи	باشماچی
18.	басшы	баши	باشی
19.	бай	бай	باي
20.	пошташы	постчи	پستچی
21.	атқыш	тофангчи	تفنگ چی
22.	телефоншы	телефончи	تلفن چی
23.	қарақұйрық	джейран	جیران
24.	семіз, толық	чағ	چاق
25.	бауыр, аға	дадаш	داداش
26.	су	су	سو
27.	сыйлық	суғат	سوغات
28.	заңсыз жолмен сауда жасау	ғачағ	قاچاق
29.	заңсыз жолмен сауда жасаушы	ғачағчи	قاچاقچی
30.	қасық	ғашоғ	قاشوق
31.	қызыл түс	ғезел	قرل
32.	алабалық	ғезелала	قرل آلا
33.	қыстау	ғешлағ	قشلاق
34.	көмек	комәк	کمک
35.	жаға	иақе	يقه

Кірме сөздер үшін басты шарт – қостілділік деген пікір лингвистер арасында кең тараған. Осындай пікірді білдірушінің бірі Венгр зерттеушісі Б. Шулан «Сөздіктегі кірменің көбісі қостілділік ортадан пайда болады, өз ортасында ғана белгілі шетелдік сөзді алдымен қос тілде сөйлеушілер қолданады, содан соң тілдік салада кең көлемде таралады. Кейіннен ол сөз жазба сөзге кіріп, тілдің барлық саласын қамтиды», -деп атап өтеді [7;122]. Кейбір зерттеушілер «кірме сөз» деген терминді басқа ұғымда және «сөздің бір тілден екінші тілге ауысуы» дегенді басқа мағынада

түсіндіреді. Мақалада түрік тілінен парсы тіліне сөздердің енуінің басты себептері жайында, яғни сөздердің экономикалық, сауда, саяси және мәдени қатынастарға байланысты болғандығы жайлы қысқаша мәліметтер беріледі. Атап айтар болсақ, парсы тілінің тіл ерекшеліктеріне мән беріліп, түрік тілінен енген кірме сөздердің парсы тілін байытуға зор үлес қосатыны жөнінде парсы, түрік, ағылшын және қазақ, орыс тілдерінде бірқатар мақалалар жазылғанын айтуға болады. Осы орайда Г.М. Оруджеваның «Молодой учёный» ғылыми жастар журналында жарияланған «Turkish household utensils lexicon in medieval Persian dictionaries» мақаласына сілтеме жасай келе мақалада көрсетілген «Ғасырлар бойы адамның дене мүшелері көптеген сөздерді, сөз тіркестері және топонимдерді құрудың негізгі көздері болды» деген көзқарасына толықтай қосыламыз [8; 442]. Иә, шын мәнісінде адамның дене мүшелері бір тілден екінші тілге кірме сөз ретінде еніп қоймай, сөз тудырушы да болды. Мысал ретінде «кәмәр», яғни «бел» деген сөзді айтуға болады. Сонымен қатар, басқа да сөздерді айтуға болады. Жалпы мақалада айтып өткендей түрік тілінен парсы тіліне енген сөздердің өзі М. Моинның сөздігі бойынша 500-ден асады, ал сол сөздер арқылы жасалған сөздерді қоссақ, әрине бұл сөздердің саны артатыны анық. Г.М. Оруджева мақаласында өте жақсы мысалдар келтіре отырып, парсы тілінде түрік тіліндегі сөздердің қолданылуын көрсете алған. Г.М. Оруджева мақаласында екі тілде де сөйлемдер беру арқылы нақты көрсетіп, сөздердің сөздіктерде қандай мағына беретіндігін ашып көрсеткен.

Сондай-ақ, Н.Ағабаның «Fars dilinde Türk dilinden alinti sözcükler» атты мақаласында айта кетуге болады. Мақалада автор «Парсы тілінде қолданылатын түрік сөздері, олардың фонетикалық өзгеруі және парсыша айтылуы туралы ешқандай дерлік еңбектер жазылмаған. Парсы және түрік тілдерінің лексикалық және фонетика салаларындағы байланысы зерттелген кезде, осы екі тілдің кейбір зерттелмеген мәселелерін байқауға болады», - делінген [9; 667]. Бұған бізде мақала жазу барысында көзімізді жеткіздік. Сонымен қатар, Н.Ағабаның өзінің «Fars dilinde Türk dilinden alinti sözcükler» атты мақаласында бірқатар авторлар еңбектеріне сілтеме жасай келе, парсы тілінде қолданылатын кейбір түрік сөздерінің парсы тіліне енген кезінде парсы тіліне тән ережелерге сәйкес өзгергендігін көрсеткен. Мақалада парсы тілінің диалектілерінде әзербайжан түрікшесінен енген сөздердің санының көп екендігі айтылған. Мақалада автор Н.З. Хатемидің «Тегран диалектісі» деген еңбегін негізге ала отырып, тек бір Тегран диалектісінің өзінде 150-ге жуық түрік сөзі бар екендігін айтады. Автор мақаласының соңында қазіргі парсы тілінде қолданылатын түрік сөздерінің тізімін көрсеткен. Тізім бойынша 55 сөз берілген [10; 673-674]. Әрине бұл мысал ретінде ғана берілген сөздер болуы ықтимал, себебі парсы тілінде қолданылатын сөздер тізімі бұдан да көп. Біз бұны М.Моин сөздігімен жұмыс жасаған сәтте көзімізді жеткіздік.

Әрі Зилфер Хусейнулы «Türkçeden Farsçaya Geçmiş Kelimeler» атты Сефевидтер дәуірі кезеңін мысалға алып жазған еңбегінде парсы тіліндегі түрік сөздерінің көптеп кездесетіндігін көрсеткен. Мақалада Сефевидтер дәуірі кезіндегі парсы тіліне түрік тілінен енген сөздер жеке-жеке тақырыпшалар арқылы көрсетілген. Атап айта кетсек:

әскери терминдер, соның ішінде қару-жарақтар мен соғыс құралдарының атаулары;

саяси терминдер;

отбасына қатысты терминдер;

әлеуметтік терминдер;

грамматикаға қатысты терминдер.

Зилфер Хусейнулының «Türkçeden Farsçaya Geçmiş Kelimeler» атты Сефевидтер дәуірін ғана мысал ретінде алған еңбегінен бірқатар терминдердің әр сала бойынша енгендігін байқауға болады. Автор мақаласының соңында парсы тіліне енген түрік сөздерінің кейбірінің тек Сефевидтер дәуірінде ғана қолданылғанын және осы кезеңнің соңына қарай олардың парсы тілінде қолданыстан шығып кеткендігін, ал кейбір сөздердің тіпті бүгінгі күнге дейін парсы тілінде де қолданылатындығын айтып өткен.

Араб тілінен енген сөздер түркі сөздерінде де кездеседі. Бірақ парсы тілінде түркі сөздері саны жағынан араб тілінен кейін орын алады. Кейбір орыстың ғалымдары да парсы тіліндегі түркі кірме сөздерін араб тілінен соң қояды [11; 808].

Парсы лексикасының тағы бір маңызды құрамдас бөлігі – бұл әскермен, тұрмыстық, мал шаруашылығымен, географиялық нысандармен байланысты лексикаға енген түркизм болып табылады [12]. Ауызша және жазбаша парсы тілі лексикасына қатты түркі тілі әсерін көптеген

күнделікті әзірбайжан тіліндегі сөздері дәлелдейді [12]. Ж.Р. Перридің пайымдауларына қарағанда парсы тіліне шамамен 1200 әзірбайжан сөзі кірген, ол сөздердің енуі Иранда әзірбайжан билеушілері тұсында негізінен XVI ғасырдан бастап тұрған кезеңнен басталды. Мұндағы кірме сөздер негізінен әкімшілік атауларға және әскери терминдерге қатысты [13]. Сефевидтер дәуірінде Иранда пайда болған атыс қаруларына байланысты көптеген сөздер әзірбайжан тілінен алынған кірме сөздер болып табылады. Мұндай сөздерге «туфанг», «чақмак», ал басқару саласында: «минбаши», «юзбаши», «бейклербейки», «болук» деген сөздерді айтуға болады [14]. Әзірбайжан және парсы халықтарының қарым-қатынасына байланысты шешлик (әзірбайжан тілінде *şişlik*), долма (әзірбайжан тілінде *dolma*), тағам түрі (әзірбайжан тілінде *qiyət*), жаға (әзірбайжан тілінде *uixa*) және т.б. сөздер әзірбайжан тілінен алынған. Сондай-ақ парсы тілінде әзірбайжан тілінен тағам түрі (әзірбайжан тілінде *qab*), қасық (әзірбайжан тілінде *qasıq*), қазан (әзірбайжан тілінде *qazan*), қайшы (әзірбайжан тілінде *qayçı*), қаз (әзірбайжан тілінде *qaz*), ауыз (әзірбайжан тілінде *ağız*), айран (әзірбайжан тілінде *qatıq*) [14], сегіз (әзірбайжан тілінде *səkkiz*), қорғасын (әзірбайжан тілінде *qı(0)qıqşun*) және т.б. сөздер бар [15].

Сефевидтер кезеңінде қызылбас (әзірбайжан тілінде *qızılbaş*), асқабақ (әзірбайжан тілінде *qabaq*, *balqabaq*), өндіріс (әзірбайжан тілінде *qənimət*) және т.б. әзірбайжан сөздері парсы тілінің аясын кеңейтуге септігін тигізді [14,41]. Кейбір парсы тіліндегі алынған сөздер әртүрлі мағынаға ие болды. Мысалы, ежелгі әзірбайжандық төсек «ятаг» және керней «бурга» сөздері парсы тілінде *یگ* (йедек) және *بوق* (*bug*) деп өз мағыналарын өзгертті [14,40]. Әзірбайжан тілінен алынған аш «сорпа» мағынасында қолданылады, ал бұрындары әзірбайжан тілінде бұл сөз «палау» дегенді білдірген [16].

Миннуллин Б.К. «XX ғасырдың басындағы татар баспа тіліндегі араб-парсы және түрік кірме сөздері» атты мақаласында көрсеткендей араб-парсы және түрік кірме сөздері татар тілдеріне өз әсері болғаны жайында дәлелдер береді [17]. Осы орайда, түркізмді тек парсы тілінде емес, бәлкім орыс тілінде зерттеу кеңінен зерттеуді қажет ететіні жайында Г.И. Марданова және т.б. авторлық әріптестікте жазған «Complex Corpus Of Turkisms Of The Russian Language» атты мақаласында көрсеткендей «Тілдік байланыстар мәселесі әрдайым отандық және шетелдік тіл білімі ғалымдарының зерттеулері деңгейінде қарастырылып, көп ұлтты мемлекет, яғни Ресей жағдайында ерекше маңызға ие. Көптеген қазіргі заманғы еңбектерде орыс тіліндегі түрік элементтерін мұқият зерттеудің маңыздылығын атап көрсетеді» [18;147]. Осы берілген деректерге сүйене отырып, қазіргі ғылым саласында түрік сөздерін парсы және тағы басқа тілдерде жан-жақты, терең зерттеу – заман талабы болып табылады.

Жалпы қорытындылай келсек, парсы тіліне түрік сөздерінің Сефевидтер дәуіріне дейін де ене бастағанына және түрік сөздерінің түрлі салада енгеніне көз жеткіздік. Сонымен қатар, парсы тіліне түрік сөздерімен бірге, бірқатар сөз тудырушы түрік аффикстері де енген және нәтижесінде парсы тілінде біраз сөздер пайда болған. Сондай-ақ осы тақырып аясында шетел ғалымдарынан П. Пеллиот, В. Минорский, В. Хинз, Г. Дерфер, Г. Заринезад, Ф. Копрулу және т.б. жүргізген еңбектерін атап өтуге болады. Ғалым Тунджер Гуленсойдың «Парсы және араб тіліндегі түрік сөздері туралы жазбалар» мақаласында түрік тіліндегі парсы мен араб сөздерінің мағынасы мен олардың жасалу жолдарына тоқталған. Атақты лингвист ғалым Фр.Миклошичтің шығыс және Оңтүстік шығыс Еуропа тілдеріндегі түрік сөздері туралы зерттеулері мол лексикалық материалды қамтыған. Дегенмен отандық ғалымдар бұл тақырып төңірегінде көп зерттеулер жүргізбеген.

Кірме сөздер тілдің сөздік құрамының біраз бөлігін толықтыра отырып, оның мүмкіншілігін кеңейтеді және сол арқылы оның жан-жақты қызметін қамтамасыз етеді. Елдегі қоғамдық дамудың әрбір сатысы тіл тарихына өз ізін қалдырып отыратыны белгілі. Тілді зерттеу, тілді салыстыру арқылы тарихпен де таныс болатыны анық. Біз мақалада парсы тіліне енген түрік сөздерінің тарихи жолдары, олардың теориялық зерттелуі, парсы тілінде қолдану аясымен кеңінен танысуға мүмкіндік алдық.

Жоғарыда келтірілген түрік тілінен парсы тіліне енген кірме сөздер мен олардың парсы тіліне ену жүйесін зерттей келе төмендегідей қорытынды жасадық:

Берілген кірме сөздер – сол тілдің лексикалық қорының әлсіздігін көрсетпейді, керісінше парсы тілінің төрінен орын алуы, тілдік қорының дамуына өз үлесін қосуы – тілдік үдерістің әр тілде болатыны сияқты заңды құбылыс. Қазіргі заманғы парсы лексикасы – ежелгі дәуірден бастау алады және ол бүгінгі күнге дейін біртіндеп қалыптасқан бірнеше дәуірлердің жемісі.



Әр түрлі салада қолданылатын түрік тілінен парсы тіліне енген сөздер ауызша және жазбаша түрде парсы тілі лексикасының дамуына септігін тигізгені, түрік сөздері парсы тіліне еш күштеусіз енуі және екі тілдің ұзақ тарихи жылдар бойы тығыз қарым-қатынаста болуы – мақаланың нәтижесін көрсетеді. Сондай-ақ түрік тілінде де парсы кірме сөздері туралы мақалада берілген дәлелдер алдағы уақытта да оны тереңірек зерттелуін қажет етеді.

Жалпы алғанда парсы тілінің тілдік ерекшеліктеріне мән беріп, түрік тілінен енген кірме сөздердің парсы тілін байытуға зор үлес қосқаны жайында мәліметтердің куәсі болдық.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Moqaddam S.A. (2007) Persian language// Book Two: Capital of Iran. Tehran.
2. Sayinn Z., Shaldarbekova A. (2018) Turks Akhyska of Kazakhstan: history and contemporaneity. Astra Salvensis, an VI, numār 11. P.275-276.
3. Dörfer G. (1963) Türkische und Mongolische Elemente im Neupersischen // Band I. Chöttingen.
4. Гулиев Э. И. (2015) Общеупотребительные тюркизмы в персидском творчестве М. Шахрияра // Вопросы теории и практики. № 7(49).
5. Пейсиков Л.С. (1973) Очерки по словообразованию персидского языка. Москва: Изд-во Московского университета. С.81-85.
6. Moïn M. (1973) Farhange-e farsi, vols. 1–6. Tehran. P.5-220.
7. Sulan B. (1963) Zu einigen Fragen des Bilinguismus // Slavica. Bd 3. Debrecen. -P.122.
8. Оруджева Г. М. (2017) Turkic household utensils lexicon in medieval Persian dictionaries //Международный научный журнал «Молодой учёный».- № 5 (139).- С.442-445.
9. Ağababa N. (2013) Fars dilinde Türk dilinden alinti sözcükler //Turkish Studies - International Periodical For The Languages, Literature and History of Turkish or Turkic. Ankara. Vol 8, Iss 1, -P. 667-675.
10. Hüseyinli Z. (2016) Türkçeden Farsçaya Geçmiş Kelimeler. <https://bilimdili.com/toplum/dil/turkceden-farsçaya-gecmis-kelimeler-safeviler-donemi/>
11. Рубинчик Ю.А. (1985) Персидско-русский словарь. Москва.- 863 с.
12. Ashraf A. (2007) Official response of the Encyclopaedia Iranica to the Associated Press article of March 25, entitled. -P.3
13. Doerfer G. (1989) Azerbaijan viii.Azeri Turkish// Encyclopaedia Iranica. Volume III pp. 245–248.
14. Зәринәзәдә Н. Н. (1962) Фарс дилинде Азәрбајжан сөзләри //Под ред. А. Азери. - Б.: Издательство Академии наук Азербайджанской ССР. с.15
15. Knüppel M. (2000) Turkic loanwords in Persian // Encyclopaedia Iranica. January 1. -P.3.
16. Абдуллаев И. Г. (1972) О характере и формах проявления двуязычия и многоязычия в Азербайджане (на материале взаимодействия азербайджанского и иранских языков) // Проблемы двуязычия и многоязычия. -М.: Наука. С. 213-217.
17. Миннуллин Б.К. (2012) Арабо-персидские и турецкие заимствования в языке татарской периодической печати начала XX века //Филологические науки. Вопросы теории практики. №6 (17). С.99-101.
18. Mardanova G. I., Karimullina G. N. (2017) Complex Corpus of Turkisms of The Russian Language //Astra Salvensis. №10. P.145-150.

#### Турецкие заимствования в персидском языке

Р.К. Садыкова<sup>1</sup>, Н.Т. Атейбекова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный женский педагогический университет, г.Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана, г.Алматы, Казахстан

rsadykova516@gmail.com, nurzyaa-78@mail.ru

Заемствованная лексика является неотъемлемой частью процесса изменения и существования языка, одним из основных источников пополнения словарного запаса. Заемствованная лексика отражает факты этнических, социальных, экономических и культурных связей между языковыми сообществами. В персидском языке очень много заимствованных слов, таким образом лексика персидского языка непрерывно обогащалась. К примеру, много слов из арабского, турецкого, русского, французского и английского языков.

В настоящее время вместо заимствованных слов начали вводить исконно персидские слова. В статье описывается, каким образом тюркизмы вошли в персидский язык в течение длительного периода взаимодействия между иранским и тюркским народами. Такие методы, как сбор материалов, систематизация, анализ, обобщение, сравнение основных источников, историко-сравнительные и сравнительные методы были использованы для решения цели и задач данного исследования.

*Ключевые слова:* персидский язык, турецкий язык, заимствованные слова, аффиксы, лексика, исторические отношения.

#### Turkish borrowings in Persian language

*R.K. Sadykova<sup>1</sup>, N. Atebekova<sup>2</sup>*

Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan  
Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

Loan word is a process, which has driven to appearance and consolidation of some foreign elements. Loan word is an integral part of change and existence process of language, one of the main sources replenishment of vocabulary. Borrowed vocabulary reflects the facts of ethnic, social, economic and cultural connections between language communities. There are a lot of borrowings in Persian language, therefore the vocabulary of Persian language was continuously enriched. For instance, many Arabic, Turkish, Russian, French and English borrowed words. Today there is a tendency to introduce native Persian words in the language instead of borrowed words. This article explains how Turkism entered the Persian language over the long historical years between the Iranian and Turkic peoples. Methods of collecting, systematizing, analyzing, generalizing and comparing the main sources, historical-comparative and comparative methods were used to solve the goal and objectives of the study.

*Key words:* Persian language, Turkish language, borrowed-words, affixes, vocabulary, historical relations.

Редакцияға 26.03.2020 түсті.